

Дакишева Айнагүл Нариманқызы
БҚО, Тасқала ауданы
“Сәулет” мектеп-гимназиясы
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі

***Адами
қарым –
қатынас
ізгіліктері***



Бір ауыз сөз

Қ.Салықов



Бір ауыз сөз қасіретті тыяды,
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.
Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп,
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.

Бір ауыз сөз таң Шолпанын әперер,
Бір ауыз сөз анаңдай боп мәпелер.
Бір ауыз сөз: “Ұл туды” – деп қуантса,
Бір ауыз сөз әке өлімін әкелер.

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,
Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды.
Бір ауыз сөз жан тетігін табады.
Бір ауыз сөз мың әуреке салады.
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,
Бір-ақ ауыз сөз айтысып, сөз айтысып қалады.

Әңгімелесу

I топ:

- ❖ **Адамның шын ықыласпен істеген іс-әрекеттері қандай сезім тудырады?**
- ❖ **Сөздің қарым-қатынас жасаудағы рөлі қандай?**

II топ:

- ❖ **Әдепті сөйлеудің адами қарым-қатынасқа ықпалы қандай?**
- ❖ **Адами қарым-қатынас жасау мәдениетіне нелер жатады?**

Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады, асылы адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды.

Зенон

Сөздің бағасы бес белгімен айқындалады: ДҰРЫСТЫҚ, АЙҚЫНДЫҚ, ҚЫСҚАЛЫҚ, ОРЫНДЫЛЫҚ, ӘРЛЕУ. Дұрыстық дегеніміз – айтылған сөздің қатесіздігі, оған тәрбие арқылы жетеді. Айқындық дегеніміз – ойдың мазмұнын дұрыс бере білу. Қысқалық деп мәселені түсіндіруге немесе ойды жеткізуге керек сөзді ғана пайдалануды айтады. Орындылық – сөздің айтылар жері мен мерзімін абайлау. Әрлеу – жасандылықтан аулақ бола тұрып

Шығармашылық
жұмыс



**“Қарым –
қатынастың адам
өміріндегі
маңызы”
(коллаж)**




Жүректен жүрекке...



Өкпелей салып, кешіру оңай емес. Дегенмен де мына жағдайларды есіңізге ұстаңыз:

- 1.** Кез келген адам тұрмыс–тіршілікте қателік жіберуі мүмкін. Оны дер кезінде жөндеп отырса, оқасы жоқ.
- 2.** Қандай да бір шешім қабылдайтын болсаң, өз шешіміңе байыппен қарап, талқылауға тырыс.
- 3.** Екінші адамның жанды жеріне тимеуге тырыс.
- 4.** Өзгенің айтқандарын толық мақұлдасаң да, толығымен жоққа шығарма. Оны тыңдамау оның ренішін өршіте түседі.
- 5.** Тіл ұшымен «кешір» дей салу тыдап тұрған адамның ашуын қоздырып жіберуі мүмкін. Сондықтан кешірім сұраған кезде екінші адамның жанына жайлылау тиетін әңгіме өрбіткен дұрыс.
- 6.** Сен кешірім сұрап тұрғанда ол саған қарсылық реакциясын білдіріп, өзінің сен туралы жаман ойлайтындығын айтып салуы мүмкін. Сондықтан қарсы шабуылға шығып кетпей, байыпты болғаныңыз дұрыс.



*Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.*

Асан Қайғы